



2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер тарифін бекіту туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 29 желтоқсандағы № 224 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 142-бабы 2-тармағына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тариф осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Аудан әкімі

К. Оспанов

Әкімдігінің

2025 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 224 қаулысына

қосымша

2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифі

№	Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымның атауы	Қызмет түрі	Айына 1 қызмет алушыға арналған Тариф (теңгемен)	Күніне 1 қызмет алушыға арналған Тариф (теңгемен)
1	Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	үйде	78625,91	3573,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК